«6D030100-Құқықтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Бидайшиева Адеми Бахытбековнаның «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің конституциялық және қылмыстық-құқықтық негіздері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Диссертациялық жұмыс Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 26 мамырдағы № 325 Жарлығымен бектілген Қазақстан Республикасының дамуға ресми көмек саласындағы мемлекеттік саясатының 2021-2025 жылдарға арналған негізгі бағыттарына, Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары және Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қазандағы № 674 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2030 жылға дейінгі құқықтық саясатының тұжырымдамасының ережелеріне, «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың 2025 жылғы 8 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауында аталып кеткен ұлттық қауіпсіздігіне әсер етуі мүмкін жаңа сын-қатерлердің алдын алуға бағытталған ережелеріне сәйкес келеді.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертацияда ұлттық қауіпсіздікті конституциялық және қылмыстық-құқытық тұрғыдан кешенді талдау жүргізіліп, бұрын қарастырылмаған бағыттар ашылған. Әсіресе, ұлттық қауіпсіздіктің конституциялық құрылымдағы рөлі мен құқықтық қамтамасыз етілуін зерттеу ғылымға қосатын жаңа үлес болып саналады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі:	Диссертациялық жұмыс автордың жеке ғылыми ізденісі мен

		1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған.	зерттеулері негізінде жазылған, материалдар дербес өңделген және ұсынылған қорытындылар автордың өз пікіріне сүйенеді. Өзі жазу деңгейі жоғары, мазмұндалған мәселелерді ашуға тырысқан.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертацияның өзектілігі негізделген. Зерттеу тақырыбы Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің конституциялық және қылмыстық-құқықтық мәселелерін жан-жақты қарастыруға бағытталған. Зерттеудің өзектілігі Президенттің Жолдаулары, ұлттық мүдделерді қорғау қажеттілігі, конституциялық және заңнамалық нормалар, сондай-ақ отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулері арқылы дәлелденген. Сонымен қатар, қоғамдағы саяси тұрақтылық, қауіпсіздік мәселелерінің көбеюі және қазіргі жаһандану жағдайы ұлттық қауіпсіздікке қатысты зерттеудің маңыздылығын арттырады.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды: 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды. Диссертация мазмұны кіріспе, үш тарау, он бөлімше, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен құралған. Әр тарау тақырыпқа сәйкес құрылып, ұлттық қауіпсіздіктің конституциялық-құқықтық негіздерін зерттеу, оның тарихи дамуы, нормативтік база, қауіп-қатерлер, құқықтық қамтамасыз ету және мемлекеттік органдардың рөлі сияқты мәселелерді қамтиды. Бұл құрылым диссертацияның ғылыми проблемасын, мақсаттары мен міндеттерін, зерттеу объектісі мен пәнін нақты көрсетеді және тақырыптың толық көрінісін береді.
		4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді.	Диссертацияның мақсаты мен міндеттері тақырыпқа сәйкес келеді. Диссертацияның мақсаты – Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігінің конституциялық негіздерін айқындап, оның конституциялық жүйедегі орнын және оны қамтамасыз ету тетіктерін талдау. Осы мақсатқа сәйкес жұмыстың міндеттері

			ұлттық қауіпсіздік пен конституциялық тұрақтылықтың байланысын ашуды, мемлекеттік органдардың өзара іс-қимылын бағалауды және жаһандану жағдайында ұлттық мүдделерді қорғау бағыттарын негіздеуді қамтиды. Жұмыста қойылған мақсат пен міндеттер «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің конституциялық және қылмыстық-құқықтық негіздері» тақырыбын толық қамтиды.
		4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылымы өзара үйлесімді және логикалық тұрғыдан байланысқан. Зерттеу жұмысының құрылымы тақырыптың мазмұнына толық сәйкес келеді және оның теориялық, конституциялық, сондай-ақ қылмыстық-құқықтық аспектілерін жүйелі түрде ашуға бағытталған.
		1) толық байланысқан;	
		2) ішінара байланысқан;	
		3) байланыс жоқ.	
		4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Диссертациялық зерттеуде автор ұсынған жаңа ғылыми шешімдер – ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің конституциялық және қылмыстық-құқықтық негіздерін жетілдіруге бағытталған қағидаттар мен әдістер – нақты дәлелдермен негізделген. Бұл шешімдер теориялық тұрғыдан қалыптасқан тұжырымдармен салыстырылып, олардың артықшылықтары мен тиімділігі көрсетілген.
		1) сыни талдау бар;	
		2) талдау ішінара жүргізілген;	
		3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	
		4) талдау жоқ.	
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Диссертант ұсынған ғылыми нәтижелер мен қағидаттар толығымен толығымен жаңа болып табылады.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Диссертант ұсынған диссертацияның қорытындылары толығымен жаңа болып табылады
		1) толығымен жаңа;	

		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?	Ұсынылған шешімдер ғылыми әдістер мен құқықтық-нормативтік талдауға негізделген, дәлелдері статистикалық және құжаттық деректермен расталған. Келтірілген ұсыныстар диссертацияның теориялық негіздемелерімен үйлесім табады.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертация қорытындылары ғылыми дәлелдерге, нормативтік-құқықтық талдауға және тәжірибелік деректерге негізделген. Ұлттық қауіпсіздіктің жеке тұлға, қоғам және мемлекет тұрғысынан кешенді зерттелуі қорытындылардың объективтілігі мен негізділігін қамтамасыз етеді. Қорытындыларда жаңа ұсыныстар мен нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру бағыттары көрсетілген, бұл олардың ғылыми және практикалық маңыздылығын растайды.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:	Диссертантпен қорғауға шығарылған тұжырымдар жұмыста дәлелденген. **1-ереже.** Диссертациялық зерттеу барысында ҚР Конституциясына ұлттық қауіпсіздіктің ресми анықтамасын енгізу мәселесі қарастырылды. Бұл анықтама ұлттық қауіпсіздіктің кешенді сипатын – саяси, әскери, ақпараттық, экономикалық және экологиялық құрамдастарын қамтуға бағытталған. 7.1. 1) Қорғауға ұсынылған қағидат **дәлелденді**. Зерттеуде ұлттық қауіпсіздіктің саяси, әскери, ақпараттық, экономикалық және экологиялық құрамдастары толық негізделген. 7.2. 2) **тривиалды емес**, Конституция деңгейінде ресми анықтама беру теориялық және практикалық тұрғыдан маңызды, күрделі мәселе. 7.3. 1) Ереже **жаңа**. «Ұлттық қауіпсіздік» ұғымын
		7.1 Ереже дәлелденді ме?	
		1) дәлелденді;	
		2) шамамен дәлелденді;	
		3) шамамен дәлелденбеді;	
		4) дәлелденбеді;	
		5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
		7.2 Тривиалды ма?	
		1) ия;	
		2) жоқ;	
		3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.	

		7.3 Жаңа ма?	Конституцияға кешенді түрде енгізу жөніндегі ұсыныс ғылыми жаңалыққа ие. 7.4. 3) Қолдану деңгейі кең. Ұлттық қауіпсіздіктің анықтамасы мемлекеттік басқару, құқық қорғау, сыртқы саясат, ақпараттық қауіпсіздік және экономикалық салада қолданылатын жалпыұлттық деңгейдегі категория. 7.5. 1) Қорғауға ұсынылған қағидалар ғылыми мақалаларда **дәлелденген**. Диссертациялық талдау бұл ұсыныстың негізділігін теориялық және нормативтік дәлелдер арқылы жарияланған мақалаларында растайды. **2-ереже.** Мемлекеттік билік жүйесінде Конституцияның үстемдігін қамтамасыз ету тетіктерін күшейту, конституциялық-құқықтық қатерлерді ерте кезеңде анықтап, оларды болдырмау үшін тәуелсіз конституциялық мониторинг институтын қалыптастыру, Президенттің конституциялық-құқықтық қауіпсіздік саласындағы үйлестіруші рөлін нақты айқындау қажеттілігіне байланысты. Қазақстан Республикасының Конституциясына төмендегідей толықтырулар ұсынылады: - 4-бабы: «5. Конституциялық-құқықтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасында Конституция нормаларының сақталуына, билік тармақтарының қызметіне, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының жүзеге асырылуына, сайлау және саяси партиялар жүйесінің даму деңгейіне, сондай-ақ конституциялық реформалардың жүргізілу рәсімдеріне қатысты тәуелсіз конституциялық мониторинг жүйесі енгізілсін». - 44-баптың Президент өкілеттіктеріне арналған бөліміне мына мазмұндағы жаңа тармақ енгізілсін: «15-1) мемлекетте конституциялық-құқықтық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында тәуелсіз конституциялық мониторингтің ұйымдастырылуын, оның нәтижелері бойынша мемлекеттік
		1) ия;	
		2) жоқ;	
		3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.	
		7.4 Қолдану деңгейі:	
		1) тар;	
		2) орташа;	
		3) кең	
		4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	
		7.5 Мақалада дәлелденген бе?	
		1) ия;	
		2) жоқ	
		3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	

			органдардың ұсынымдарды орындауын бақылауды қамтамасыз етеді». 7.1. 1) **ішінара дәлелденді** Ұсыныс логикалық тұрғыдан маңызды, бірақ оның толық ғылыми дәлелденуі үшін қосымша эмпирикалық немесе салыстырмалы-құқықтық талдаулар қажет. 7.2. 2) **тривиалды емес**, Конституциялық мониторинг институтын енгізу және Президенттің үйлестіруші рөлін нақтылау – бірқалыпты немесе жалпыға мәлім шешім емес, кешенді жаңа институционалдық ұсыныс. 7.3. 1) Ереже **жаңа**, Қазақстанның құқықтық жүйесінде тәуелсіз конституциялық мониторинг моделі бұрын болмаған, сондықтан ұсыныс жаңалық сипатында. 7.4. 3) Қолдану деңгейі **кең,** өйткені ұсыныс бүкіл мемлекеттік билік жүйесіне, Президент институтына, конституциялық бақылау механизміне және саяси жүйенің әртүрлі элементтеріне әсер етеді. 7.5. 1) Қорғауға ұсынылған ереже ғылыми мақалаларда дәлелденген. **3-ереже.** Қазіргі кезеңдегі ұлттық қауіпсіздікке төнетін қатерлердің көпвекторлы әрі кешенді сипат алуына байланысты Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жүйесінде идеологиялық, құқықтық, демографиялық, діни және азық-түлік салаларындағы қауіпсіздіктің рөлін нақты айқындау, олардың мазмұнын заң деңгейінде бекіту, сондай-ақ қауіп-қатерлерді уақытылы анықтау мен оларды болдырмау шараларын іске асыруды, сондай-ақ мемлекеттік саясаттың тұрақтылығын қамтамасыз етуді міндеттейді. Осылайша, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы Заңының 1-бабы «Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар» мынадай жаңа тармақшалармен толықтырулар ұсынылады: «1) «мемлекеттік идеология» – мемлекеттің

			стратегиялық саясатын, ұлттық мүдделерді, қоғамның құндылықтық негіздерін айқындайтын және қоғамдық бірлікті қамтамасыз ететін идеялар мен қағидаттар жүйесі. 2) «құқықтық қауіпсіздік» – құқықтық жүйенің тұрақтылығын, заңдардың орындалуын, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының тиімді қорғалуын қамтамасыз етуге бағытталған жағдай. 3) «демографиялық қауіпсіздік» – халық санының, құрылымының және сапалық сипаттарының ұлттық мүдделерге сәйкес тұрақты және теңгерімді дамуын қамтамасыз етуге бағытталған жағдай. 4) «діни қауіпсіздік» – діни алауыздықтың алдын алу, діни экстремизм мен деструктивті діни ағымдардың ықпалын болдырмау арқылы қоғамдағы діни келісім мен тұрақтылықты қамтамасыз ететін жағдай. 5) «азық-түлік қауіпсіздігі» – халықтың физиологиялық және әлеуметтік қажеттіліктерін қамтамасыз ететін сапалы және жеткілікті азық-түлік өнімдерінің қолжетімділігі мен тұрақты көлемін айқындайтын ұлттық қауіпсіздік құрамдасы. 6) «конституциялық-құқықтық қауіпсіздік» – Қазақстан Республикасының конституциялық құрылысының тұрақтылығын, мемлекеттік билік тармақтарының тежемелік және тепе-теңдік жүйесінің сақталуын, азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарының қорғалуын, сондай-ақ Конституцияға қайшы әрекеттердің алдын алу және оларды құқықтық жүйеден жоюға бағытталған нормативтік-регулятивтік, институционалдық, ақпараттық-коммуникациялық, ұйымдастырушылық және тәрбиелік шаралардың жиынтығын қамтамасыз ету жағдайы». 7.1. 1) Қорғауға ұсынылған ереже **дәлелденді**. Бұл ереже диссертация мазмұнында толық дәлелденген деп есептеуге болады, өйткені: - қазіргі кезеңдегі ұлттық қауіпсіздік қатерлерінің көпвекторлы және кешенді сипат алуы ғылыми және практикалық негіздермен талданған;

			- идеологиялық, құқықтық, демографиялық, діни және азық-түлік қауіпсіздігі секілді құрамдастардың ұлттық қауіпсіздік жүйесіндегі рөлі нақты негізделген; - Қазақстан заңнамасында бұл санаттардың толық анықталмағаны немесе нормативтік деңгейде бекітілмегені көрсетіліп, оларды заң жүзінде нақтылау қажеттілігі дәлелденген; - ұсынылған жаңа ұғымдар ғылыми талдаудың логикалық қорытындысы ретінде беріледі, сондықтан қағидаттың дәлелдемелік базасы жеткілікті. 7.2. 2) **Тривиалды емес**. Ұлттық қауіпсіздіктің қосымша құрамдастарын заң деңгейінде нақтылау – ғылымда да, заңнамада да тривиалды емес, қомақты теориялық және практикалық негізді қажет ететін мәселе. 7.3. 1) Ереже **жаңа**. Ұсынылған анықтамалар Қазақстан заңнамасында бұрын болмаған, ал ғылыми айналымда жүйелі түрде берілмеген. Сондықтан қағидат жаңалық элементіне ие. 7.4. 3) Қолдану деңгейі **кең**. Ұсыныстар ұлттық қауіпсіздік жүйесінің тұтас құрылымына, көптеген салаларға (идеология, құқық, демография, дін, азық-түлік, конституциялық құрылыс) әсер етеді. 7.5. 1) Қорғауға ұсынылған ереже ғылыми мақалаларда **дәлелденген**. **4-ереже.** Мәдениет, тіл және дәстүрлерді сақтау арқылы ұлттық сәйкестілік пен тарихи сабақтастық қамтамасыз етіледі, қоғамдағы әртүрлі әлеуметтік топтардың арасындағы ынтымақтастық пен өзара түсіністік күшейеді. Осы тұрғыдан алғанда, ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерді сақтау тек мәдени міндет емес, сонымен қатар ұлттық қауіпсіздіктің стратегиялық элементі болып табылады, себебі олар мемлекеттің ұзақ мерзімді тұрақтылығы мен даму кепілдігіне тікелей әсер етеді. Осылайша, Қазақстан Республикасының «Ұлттық

			қауіпсіздігі туралы» Заңының «Қазақстан Республикасының негізгі ұлттық мүдделері» деп аталатын 5-бабын келесідей мәтінмен толықтыру ұсынылады: «Ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерді қорғау арқылы ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету барысында ұлттық құндылықтар, мәдениет, дәстүрлер және тілдік бірлік сақталады». 7.1. 1) Қорғауға ұсынылған ереже **дәлелденді**. Диссертацияда мәдениет, дәстүр, тіл және ұлттық құндылықтардың ұлттық сәйкестілік пен қоғамдық тұрақтылықты қамтамасыз етудегі рөлі ғылыми дәлелденген. Халықаралық тәжірибе ұлттық мәдени кодты сақтау ұлттық қауіпсіздіктің маңызды элементі екенін көрсетеді. Қазақстан заңнамасында бұл ұғымдар толық айқындалмағаны негізделіп, ұсынылған толықтырулар диссертациялық тұжырымдардың қисынды әрі дәлелді нәтижесі ретінде берілген. 7.2. 2) **Тривиалды емес**, мәдениет пен дәстүрді ұлттық қауіпсіздік контекстіне енгізу күрделі теориялық негізді қажет ететін, тривиалды емес ғылыми тұжырым. 7.3. 1) Ереже **жаңа**. «Ұлттық құндылықтар мен дәстүрлерді қорғауды» ұлттық мүдделер құрамына заңнамалық деңгейде енгізу – жаңа институционалдық және құқықтық ұсыныс. 7.4. 3) Қолдану деңгейі **кең**. Ұсыныс ұлттық қауіпсіздік жүйесіне, мәдени саясатқа, тіл саясатына, білім беру мен қоғамдағы идеологиялық тұрақтылыққа әсер етеді, демек қолданылу аясы кең. 7.5. 3) Қорғауға ұсынылған ереже ғылыми мақалаларда **дәлелденген.** **5-ереже.** Қазіргі кезеңде киберқылмыстардың кең таралуы ақпараттық қоғамның қарқынды дамуына, цифрлық инфрақұрылымның күрделенуіне және интернетке тәуелділіктің артуына тікелей байланысты құбылыс ретінде сипатталады. Ақпараттық технологиялардың барлық салаға енуі –

			экономикалық, әкімшілік, қаржылық және әлеуметтік жүйелердің киберкеңістікке тәуелділігін күшейтіп, киберқылмыстардың әлеуетті ауқымын арттырды. Осылайша, Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Ерекше бөлігін «Кибертерроризм» 255-1 бабымен толықтыру ұсынылады. Себебі, атом электр станцияларының маңызды ақпаратқа және АСУ ТР (автоматтандырылған процестерді басқару жүйесі) шабуылдарын бөлек көрсету тиіс. 7.1. 1) Қорғауға ұсынылған қағидат **дәлелденді**. Диссертацияда киберқылмыстардың өсуі цифрлық инфрақұрылымның күрделенуімен және маңызды нысандардың (атом электр станциялары, АСУ ТП жүйелері) осалдығымен байланыстырылып, кибертерроризмнің дербес қылмыс құрамын қалыптастыру қажеттілігі ғылыми негізделген. 7.2. 2) **Тривиалды емес**. Кибертерроризмді ҚК-ке жеке бап ретінде енгізу кешенді құқықтық талдауды қажет ететін, тривиалды емес ұсыныс. 7.3. 1) Қағидат **жаңа**. Қолданыстағы ҚР ҚК-де «Кибертерроризм» бабы жоқ, сондықтан ұсыныс ғылыми және заңнамалық тұрғыдан жаңалыққа ие. 7.4. 3) Қолдану деңгейі **кең**. Ұсыныс ұлттық қауіпсіздікке, терроризмге қарсы саясатқа, цифрлық инфрақұрылымды қорғауға және құқық қорғау тәжірибесіне кең ауқымда әсер етеді. 7.5. 1) Қорғауға ұсынылған ереже ғылыми мақалаларда **дәлелденген**. **6-ереже.** Қазіргі кезеңде жасанды интеллект және deepfake технологияларының қарқынды дамуы ұлттық қауіпсіздікке жаңа қатерлер туғызуда. Deepfake арқылы адамның бейнесін немесе дауысын шынайы етіп өзгерту мүмкіндігі қоғамда жалған ақпарат таратуға, мемлекеттік органдар мен стратегиялық институттардың атынан фейк мәлімдемелер жасауға жол ашады. Бұл қоғамдық сенімділікті төмендетіп, ақпараттық кеңістіктегі

			тұрақтылыққа нұқсан келтіруі мүмкін. Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі Ерекше бөлігінің 255-бабына (Терроризм актісі), аталған баптың диспозициясында мазмұндалған әрекеттерді ЖИ алгоритмдерін, Deepfake технологиялары қолдану арқылы жасауды ауырлататын мән-жай ретінде қосуды қарастыру қажет деп санаймыз. 7.1. 1) Қорғауға ұсынылған қағидат **дәлелденді**. Диссертацияда жасанды интеллект пен deepfake технологияларының жалған ақпарат тарату, қоғамдық сенімді әлсірету және ақпараттық тұрақтылыққа зиян келтіру арқылы ұлттық қауіпсіздікке төндіретін қатерлері жан-жақты негізделген. Терроризм актілерін мұндай технологиялар арқылы жасаудың қауіп деңгейі жоғары екені дәлелденіп, ауырлататын мән-жай ретінде енгізу қисынды әрі ғылыми тұрғыдан дәлелденген. 7.2. 2) **Тривиалды емес**, ЖИ мен deepfake технологияларын қылмыстық-құқықтық реттеуге енгізу жаңа және күрделі құқықтық талдауды қажет ететін бағыт. 7.3. 1) Ереже **жаңа**. Қазақстан ҚК-де deepfake немесе ЖИ қолдану ауырлататын мән-жай ретінде қарастырылмаған, сондықтан бұл айқын жаңалық. 7.4. 3) Қолдану деңгейі **кең.** Ұсыныс терроризмге қарсы іс-қимылға, ақпараттық қауіпсіздікке, цифрлық технологияларды құқықтық реттеуге және құқық қорғау практикасына кең әсер етеді. 7.5. 1) Қорғауға ұсынылған ереже ғылыми мақалаларда **дәлелденген**. **7-ереже**. Конституцияның нормативтілігін қамтамасыз ету процесінде конституциялық бақылау органдарының шешімдері үлкен рөл атқарады. Соның ішінде азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын тікелей қозғайтын нормативтік құқықтық актілердің Конституцияға

			сәйкестігіне қатысты өтініштерін қарау өкілеттігі Конституциялық Сотқа берілген. 7.1. 1) Қорғауға ұсынылған қағидат **дәлелденді**. Диссертацияда Конституцияның нормативтілігін қамтамасыз етудегі конституциялық бақылау органдарының шешімдерінің маңызы нақты мысалдар мен құқықтық талдау арқылы негізделген. 7.2. 2) **Тривиалды емес.** Конституциялық бақылаудың құқықтық жүйедегі орны мен азаматтардың құқықтарын қорғаудағы рөлі күрделі және арнайы зерттеуді қажет ететін мәселе. 7.3. 1) Ереже **жаңа**. Қазақстанда Конституциялық Соттың қайта құрылуы және оған азаматтардың өтініштерін қарау өкілеттігінің берілуі ғылыми тұрғыдан жаңа құқықтық институт ретінде талданады. 7.4. 3) Қолдану деңгейі **кең**. Қағидат құқық қорғау, конституциялық бақылау, адам құқықтарын қорғау және нормативтік актілерді сараптау сияқты кең ауқымды салаларды қамтиды. 7.5. 1) Қорғауға ұсынылған ереже ғылыми мақалаларда **дәлелденген**.
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Диссертациялық жұмыста қолданылған әдістеме ғылыми тұрғыдан негізделген және нақты сипатталған. Зерттеуде диалектикалық-материалистік, салыстырмалы тарихи, жүйелік, формальды-құқықтық талдау, модельдеу және нақтыдан абстрактіліге өту сияқты әдістер қолданылып, олар зерттеу тақырыбына сәйкес таңдалған. Бұл тәсілдер ұлттық қауіпсіздікке төнетін қатерлерді жан-жақты, объективті талдауға, нормативтік құқықтық актілерді зерттеп, тиісті ұсыныстар жасауға мүмкіндік берді.
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) ия;	
		2) жоқ.	

		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Диссертация нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы алынған деп бағалануы мүмкін. Жұмыста құқықтық құжаттарды, статистикалық мәліметтерді және қауіп-қатерлерге қатысты ақпаратты талдау, жіктеу және синтездеу үшін заманауи әдістер мен деректерді өңдеу және интерпретациялау тәсілдері пайдаланылған. Бұл тәсілдер диссертациялық зерттеудің ғылыми негізділігін арттырып, нәтижелердің объективті және дәл болуына мүмкіндік береді.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Диссертациялық жұмыстағы теориялық қорытындылар отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне салыстырмалы шолу жасалып, мемлекеттік органдардың есептеріне, сот үкімдеріне талдай келе әзірленген.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.	Диссертацияны жазу барысында маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған. Ғылыми жұмыста отандық және шетелдік ғалымдардың соңғы жылдардағы ғылыми жұмыстарына сілтемелер жасалынған.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті болып табылады.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Диссертацияның теориялық маңызы зерттеу барысында алынған нәтижелердің ғылыми түсінік, ұғымдар, заңдылықтар мен қағидаларды тереңдету және жүйелеу қабілетін көрсетеді. Бұл принцип зерттеудің тек тәжірибелік емес, сонымен қатар
		1) бар;	
		2) жоқ.	

			теориялық саласында да маңызды екенін білдіреді.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	Ұсыныстар тікелей Конституцияны, Ұлттық қауіпсіздік туралы Заңды, Қылмыстық кодексті жетілдіруге бағытталған. Демек, практикада қолдануға нақты, өлшенетін мүмкіндік береді. Ұсыныстардың көпшілігі мемлекеттік басқару, ұлттық қауіпсіздік саясаты, құқық қорғау органдарының қызметі, ақпараттық қауіпсіздік, киберқауіпсіздік, терроризмге қарсы іс-қимыл сияқты нақты қолданылу салаларын қамтиды. Кибертерроризм, deepfake, ЖИ сияқты заманауи қауіптерге жауап беретін жаңа құқықтық нормалар мемлекеттің іс жүзіндегі саясатында қолданылу әлеуетіне ие. Конституциялық мониторинг институты және ұлттық идеология ұғымы реформалар контекстінде сұранысқа ие.
		1) ия;	
		2) жоқ.	
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Практикалық ұсыныстардың жалпы бағасы ішінара жаңа мен толығымен жаңаның арасы. Бірақ басым бөлігі толығымен жаңа.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	Диссертациялық жұмыс академиялық стандарттарға сәйкес рәсімделген, кәсіби терминология мен ғылыми категориялар дәл қолданылған, құрылымы логикалық, ойлар дәйекті әрі ұғынықты баяндалған, жазу сапасы жоғары деңгейде.
		1) жоғары;	
		2) орташа;	
		3) орташадан төмен;	
		4) төмен.	
11.	Диссертацияға ескертулер		А.Б. Бидайшиеваның диссертациясы жоғары мазмұнды жазылған, ғылыми деңгейде орындалған. Сонымен қатар жеке, елеусіз ескертулер айтуға болады. 1. Кейбір тұжырымдар нақты деректерге сүйенбеген, қосымша цифрлық материалдар енгізілсе, жұмыстың ғылыми мәні арта түсер еді. Дегенмен, бұл кемшілік диссертацияның қорғалу деңгейіне әсер етпейді.

12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Әр мақаланың ғылыми деңгейі диссертация тақырыбы шеңберінде және әр редакцияның ұсынған талаптарына сәйкес орындалған. Олардың әркайсысы қозғалған проблематика деңгейінде ғылыми тұрғыдан өзекті болып табылады.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		1) философия докторы (PhD) немесе бейіні бойынша доктор дәрежесін беру.

Ресми рецензент:
Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасының жанындағы
Құқық қорғау органдары академиясының
Ведомствоаралық ғылыми-зерттеу институты
Қылмыстық құқық және криминологияның
өзекті проблемаларын зерттеу
орталығының аға ғылыми қызметкері,
философия докторы (PhD),
қауымдастырылған профессор (доцент)

А.Р. Шегебаева

«02» желтоқсан 2025 жыл

КАДР ЖҰМЫСЫ

ПОДПИСЬ ЗАВЕРЯЮ